

Е.А. Ази

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,
e-mail: e.azi1973@gmail.com

АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮР (Сары Батақұлының шығармашылық-өмірбаяны турасында)

Қазақтың әдеби-мәдени тарихына елеулі үлес қосып кеткен өнерпаздардың ішіндегі елеулілері сал-серілер десек қателеспеспіз. ХХ ғасырдың басында алаш зиялылары ортасы әр жерде бой көтеріп, шоғырлана түсті. Осынау алаш зиялыларының ықпалы қазақтың саяси-әлеуметтік жағдайына, мәдениетіне екпінді өзгеріс әкелді. Сол қозғалысқа айдалада жүріп ықпал еткен кейбір адамдардың есімі осы уақытқа дейін аталмайды-ақ. Олардың әрекеттерінің негізі – отаршылдыққа қарсы наразылық еді. Шынында, қай салада болмасын өзінің ерендігін таныта білген, қазақ өнерінің, ұлт-азаттық қозғалысының, қазақ мәдениетінің ірі тұлғалары даланың жазылмаған заңдарын ұстанып, ірі-ірі істерге басын байлаған. Солардың бір бөлігі өнерпаздар. Яғни, сал-серілер. «Сал-серілерде ақындықпен қатар әнші, күйшілік, композиторлық, би, спорт өнерлері де» (Е. Исмайылов) және саяткерлік, ат құмарлық сияқты қасиеттері жоғары болған. Жалпы қазақтың халық әнші-композиторларының дені серілік, салдық қасиеттен құр алақан болмаған. Көшпенді жұртының көңілін сазбен аулап, дала сахнасы – көпшілік жиылған жәрмеңкелерде алуан түрлі өнерлерімен қауымды қызыққа бөлеп, өнердің базарын қыздырған жандардың жан-жақтылығын әлі де болса толық ашып көрсете алмай келеміз-ау деген ой маза бермейді. Мақалада арқаның серілері Иманжүсіп, Мәди, Қанапиялар сияқты өзінің дара өнерімен даңқы артып, ерекше мінезімен, батырлығымен ортасына құрметтеліп, қараниетті кейбіреулердің кесірінен тағдырдың ащы дәмін татып, қуғынға ұшыраған, серілігімен тарихта аты қалған Сары Батақұлының шығармашылық-өмірбаяны зерделенген. Сахара мәдениетінің өркендеуіне титтей де болса септігін тигізген әнші-ақынның асыл мұрасын жаңғырту мақсат болды.

Түйін сөздер: сал, сері, Сары, өнер, мәдениет.

E.A. Azi

L.N. Gumileva Eurasian University, Kazakhstan, Nur-Sultan,
e-mail: e.azi1973@gmail.com

Sal series culture in Aktubin region (About the creative biography of Sarah Batakula)

This article is devoted to the scientific understanding of what a significant contribution the legacy of the so-called “Sal-seri” phenomenon has made to Kazakh literature and culture of the last century. At the beginning of the twentieth century, the Alash intelligentsia was gaining momentum everywhere. The influence of the Alash intelligentsia has dramatically changed the political, social situation and culture of the Kazakh people. The names of some of those who influenced the movement from afar still remain unknown. The anti-colonial protest became the basis of their actions. In fact, the great figures of Kazakh culture, who showed their will in all areas of the national liberation movement and Kazakh culture, obeyed the unwritten noble laws of the steppe and were engaged at the same time in large-scale economic affairs. Some of them were famous handymen. They were called “sal-serials”. “Along with poetry, the Sal-Serians have singers, kuyshi, composers, dancers, athletes” (E. Ismayilov) and, in addition, they possessed such qualities as political governance, passion for horses, reaching a high level of mastery of this skill. In general, most of the Kazakh folk singers-composers were not devoid of the sal-serial character. Without superfluous guile, the nomadic music of the steppe can be said as a steppe scene, where the art of entertainment and the art market were developed at various mass fairs. The article develops the idea that it is necessary to fully disclose the variety of personalities who would delight the people with their art, as before the craftsmen could distract the attention of nomads with their music, entertain people with their skills in places of concentration and at fairs. The article examines the creative biography of Sari Batakula, who was awarded the national honor for his individual art along with such creative thinkers and figures as Imanjusup, Madi and Kanapiya, and who was revered for his special character, heroism. The purpose of the article is to revive the noble heritage of this singer and author, which in its time contributed to the flourishing of the culture of the Great Steppe.

Key words: sal, series, Sarah, craftsman, culture.

Е.А. Ази

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан,
e-mail: e.azi1973@gmail.com

Традиция сал и сери в Актюбинском крае (О творческой биографии Сары Батакулы)

Данная статья посвящена научному осмыслению того, какой значительный вклад внесло наследие так называемого феномена «Сал-сери» в казахскую литературу и культуру прошлого столетия. В начале двадцатого века интеллигенция Алаш набирала обороты повсюду. Влияние алашской интеллигенции резко изменило политическую, социальную ситуацию и культуру казахского народа. Имена многих из них до сих пор остаются неизвестными. Основой их действий стал антиколониальный протест. На самом деле, великие деятели казахской культуры, проявившие свою волю во всех областях национально-освободительного движения и казахской культуры, повинувались неписаным благородным степным законам и занимались в то же время крупными хозяйственными делами. Некоторые из них были известными «умельцами на все руки». Их называли «сал-серийцами». «У сал-серийцев наряду с поэтами были и певцы, кюйши, композиторы, танцоры, спортсмены» (Е. Исмаилов) и, кроме того, они обладали такими качествами как политическое управление, страсть к лошадям, доходившая до высокого овладения этим мастерством. В целом, большинство казахских народных певцов-композиторов не были лишены сал-серийского характера. Без лишнего лукавства о кочевой музыке степи можно сказать как о степной сцене, где на разных массовых ярмарках были развиты искусство развлечения, арт-рынок. В статье развивается мысль о том, что необходимо в полной мере раскрывать разнообразие личностей, которые приводили в восторг народ своим искусством, как раньше умельцы могли отвлекать внимание кочевников своей музыкой, развлекать людей своими умениями в местах скопления и на ярмарках. В статье исследуется творческая биография Сари Батакулы, который был удостоен народной чести своим искусством наравне с такими творческими мыслителями и деятелями, как Иманжусуп, Мади и Канапия, и был почитаем за свой особый характер, героизм. Цель статьи состоит в том, чтобы возродить благородное наследие этого певца и автора, которое в свои времена способствовало процветанию культуры Великой Степи.

Ключевые слова: сал, сери, Сары, искусство, культура.

Кіріспе

Қазақстанның қай аймағы болмасын айтулы тұлғаларға, ғажап өнерпаздарға кенде емес. Өзінің дара дарынымен ел есінде сақталған ерекше таланттылар арғы-бергі тарихымыздан көптеп кезігеді. ХІХ ғасыр бедерін шолсақ әр өңірдің өзінің өнеріне, мәдениетіне тән ерекшеліктер бар екенін аңдаймыз. «Мәдениеттің қайталанбас мүмкіндігі диалогында көрінеді (Попов, 1996: 57) дегендей әр аймақтың өзіндік салты мен дәстүрлеріне қарай мәдениеті де өзгешеліктер көрініс табады. Әуен, саз, ән, күй, батырлық жырларын алып қарасаңыз, сол өлкенің өзіндік сарынын, яғни бөлек мектеп, басқа орта екенін түсінесіз.

Солардың бір бөлігі сал-серілік құрып, халқын өзгеше өнерімен тәнті етіп, тегеурінді толғау, әндерімен сусындатып өткен жандар. Бұларға қараша халқы сенді және сондарына ерді. Сондықтан да олар саясатқа қарсы саяси қылмыскер ретінде айыпталып отырды.

Олар әнші, ақын, жыршы, батыр, палуан, атбегі, кейбіреулері найзагер, қылыштасу өнеріне тамаша машыққан бесасап еді. Серілер

қалың көпке пана, араша бола білген тұлғалар.

Ақтөбе өңірінде де мұндай сырпаздар аз болмаған. Зерделенуі кемшін тартып жатқан сол бір өнерпаздардың өзгеше өмір жолын, шығармашылығын реттеу көп кезек күттірмейтін іс. Мысалы. Әуенін белгілі кинорежиссер Шәкен Айманов «Алдар көсе» фильмінде Алдардың аузымен шырқаған Тәңірберлі Молдабай, талай жәрмеңкенің көрігін қыздырған Қызыл сері Тұрдалыұлы, әйгілі «бес жүйріктің» бірі Ақтан Керейұлы, Сарышолақ Боранбайұлы, «жиырма бес байталға ит алған» Бітеген жырау, өмірінің жарысын Қарақалпақ елінде өткізген Кердері Құдайберген Шоқайұлы, ғұмырын қуғын-сүргінмен өткерген Сары Батақұлы т.б. Бұлардың барлығы қазақ әдебиеті тарихына ойып тұрып таңбаларын басып кеткен дүлдүлдер. Денгейлерінде зерделеу көрмей жатқаны болмаса.

Осылар төңірегінде белгілі ғалымдар, өнертанушылар қалам тербеп те жүр. Мысалы академик А. Жұбанов Сары Батақұлы туралы, оның шығармашылығы жөнінде келелі ойлар қозғаған. Академик Сары Батақұлының әндерін ерекше бағалаған. 1940 жылы «Сары» атты музыкалық

пьеса жазған. Әрі Сарының әндері «Аманкелді» фильміне пайдаланылған. Бұл да болса Сарының тума талант екендігін көрсететін дүниелер.

Сары Батақұлы 1863 жылдар шамасында Ақтөбе даласы, Шалқар ауданында дүниеге келген. Арғы атасы Достан Көтібар, Арыстанмен бірге, үш мыңдай қолмен Исатай көтерілісіне жәрдем берген кісі (Жұбанов, 2001: 212).

Жасынан ән салуға әуестеніп, ел арасында «әнші бала» атанған Сары қысқа ғана ғұмыр кешсе де атағы аспандап өтеді. Өз заманының келбетін, әділетсіздік пен озбырлықты әшкерелеп әнге қосып өткен ақын, композитор әрі батыр адам болған әйдік сері. Әуезді әнімен, серілігімен елінен құрмет көрген өнерпаз. Жастайынан әнге құштар болып өседі. Бала күнінде ән айтса, әжесі «Қарағым, қойшы, үнің қандай зарлы еді» деп тиып отыратын көрінеді.

Серілік сипатқа тән Сарының да ғұмыры ғашықтық әуезбен өріледі. Осы ынтық сезімнің отына күйіп жүріп серінің басы қиянатқа шырмалады. Елдегі билік ұстаған озбыр болыс, қайырымсыз байлар мен ру басы, кінәратшыл кісілердің кесапат істерін әшкерелеп әнге қосып, ызаларына тиеді. Мырзағұл, Шолан сынды болыстар Сарының бұл әрекетіне өшіге түседі. Осылайша қыз Қосанды сылтау қылып қолға түсіріп, сазайын тарттыруға әрекеттенеді. Осылайша өтірік-расы бар бойына біршама жала жабылып, ақыры басы құтылмас дауға қалады.

Сарының шығармашылығы және сахара серілерінің үндестігі

Ынтазар болған адамы Қосанның жасынан атастырылып қойған адам бар еді. Бір түні Қосан қызға келген Сары мұны ұстап алуға бекініп отырған бес-алты адамның шырмауына түсіп, шалғайына жармасқан екі-үшеуін сұлатып сап, тапаншадан оқ атып әзер құтылады. Оқ атылып, ит үріп, ұйқыдағы жұрт оянып, азан-қазан болады. Құтылып, кетіп бара жатып, түнде:

Баласы мен Батақтың атым Достан,
Достанға бата алмаған ешбір дұшпан.
Тапсырдым жолыққанша бір құдайға,
Хош, сау бол, жолыққанша жаным Қосан, –

деп шырқап салады. Бұл дауыстан танығандар ауылды түн ортасында дүрліктірген Сары сері екенін біледі. Бұл ән елге «Сары» деген атпен тарайды. Біреулер «Қыз Қосан» деп жүреді.

Сарыға әбден өшіккен топ, ру аралық қақтығыста қаза болған адамның өлімін Сарыға

жауып, сырттай үкім жасайды. Ақтығына сеніп алаңсыз жүрген Сарыны ақыры тұтқынға алып, Жармола (Ырғыз) түрмесіне жабады. Абақтыда жатып:

Емес қой дәреже, ақыл бәрі бірдей,
Мырзағұл іс қылады әлін білмей.
Ағайын бір-бірімен қастасқан соң,
Қантөгіс болып қалды кәдімгідей.
Басында Бақсыкөлдін Есенаман,
Таяқтан өліп кетті сәліңгірдей.
Ағаның кегін қуып, жоқтаймын деп,
Жаланың жаптың Шолан бәрін бірдей, –

деп, жалған жалаға наразылық танытып, өлең арнай береді. Ол өлендері көпшілік арасына тез тарап отырады.

Ебін тауып абақтыдан қашып шығып, сері өзінің жерінде еркін жүре алмайтынын сезіп, Бесқала өңіріне ат басын бұрады. Бесқала даласын екі-үш жыл мекендеген Сары, ол жақта да сыйсыз болмайды. Өніне, өнеріне тәнті жұрт құрметтеп кетеді.

«Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» демекші, Сары туған жерін, ынтық адамын аңсап оралуға бел буады. Сағыныштың сары желі жүдетіп ақыры Сары атамекеніне бет түзейді.

Мен шықтым Хорезм жұрт, Қоңыраттан,
Болар ма жылқы мықты Тарлан аттан.
Сәскеде Шибұлақтан міне салып,
Бесінде өте шықтым Құмсуаттан.

Үш жылда үш сағаттай енді міне,
Көргенде Сары серің туған жерін.
Жат қылып туып-өскен ел мен жерден,
Бітті ме болыс, билер менен кегің!, –

деп әнге салып, туған даласының жұпарын жұтады. Өзінің серілігін әнмен өрнектеген бұл шумақтан Сарының нағыз сері екендігін көреміз. Сезімтал сері туған даласын сағынып көргендегі көңіл толқынысын:

Көрдім бе сені бүгін қайран жерім,
Үш жылдан жаңа көрдім елдің шегін.
Көз салып тұра қалып төңірекке,
Тарланның бір сипадым көзден терін, –

деп сипаттайды. Тарлан аттың көзінен терін сүрткен ақын қимылы, өзінің көзінен аққан жасты сүрткендей елестейді көзге. Ер жігіт көз жасымды сүрттім деуге намысы жібермей

тұрғандай. Десе де, ақын да адам ғой, жүрегі елжіреп, көзіне жас алса да әбестігі жоқ.

Жалпы далалық өнерпаздар болмысында әлі де ашылмаған құпия бірдеңе бар. Өйткені олар өздерін табиғаттың бір бөлшегі, Тәңірдің жердегі аманаты сезінген. Сондықтан жан-жағына, тіршілікке періште көзімен қараған. Айналасындағы өзгеріп жатқан құбылыстардың бәрін ішкі түйсігімен сезген. Мұны әл-Фараби данышпанша ұқсақ «кәміл білім» емес пе? «Кәміл білім – ешбір жоғалмайтын түпкілікті білім, ал бұл білім – өз парқыңды білгенің» (Әл-Фараби, 2018: 30). «Кәмі адам дүниетанымында мистик, яғни тылсым күштер сырын сезуші ерекше жан. Мұндай қасиет адамға жоғарыдан беріледі» (Ғ. Есім, 2004: 275). Біздің пайымдауымызша осынау өнерпаздар да жоғарыдан (Көктен) ерекше, көзге көрінбес күш алып отырған. Яғни, ерекше жаратылған адамдар деуге хұқымыз бар.

«Әркімнің туған жері – мысыр шаһары». Шалғынын кешіп, көбелек қуған, Қыз Қосанға түнделетіп жол салған ата қонысын әнге қосып толғанбаса сері болар ма?

Орыс зиялыларында «имение» деген ұғым бар. Әр аймақтың кәдімгі мәдени орталығы болып кеткен жері болатын. Мысалы, Пушкиннің Михайловскоесі, Толстойдың Ясная Полянасы сияқты.

Қазақтарда да сондай мәдени, рухани орталыққа айналған киелі жерлер аз ба? Оған қоса, ақын-жыраулардың ерекше толғаныспен жырға қосар сүйікті жерлері де бар. Мысалы, Қазтуған жырауда Қайран Еділ, Иманжүсіптің Ерейментауы, Мәдидің Қарқаралысы, Тастемірдің Маңғыстауы сияқты. Сары да өзінің киелі өлкесін жырлап:

Шөлшағыл, Есеншағыл құмның аты,
Қасқа жол, Қаратамақ шыңның аты.
Тарланмен шыға келсем Бозбелеске,
Көк пірім шалқып жатыр Құмсуаты, –

деп әндетеді Сары.

Мәди Бәпиұлы:

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай,
Мен бір жан қуғын көрген арқадағы, –

деп, толғанып,

Иманжүсіп:

Ішім жалын болғанда құр денем сау,
Маған десен, көз жасым жаңбыр боп жау.

Бүркіт ұстап басыңа бір шығарма ем,
Көзіме бір көрінші, Ерейментау, –

дейді-ау.

Үшеуінің өлең жолдарында үндестік жатыр. Бұл не? Бұл, заманға шағым, туған жерге деген ыстық махаббат, даланың еркін ұшқан қыранының атамекеніне, жер анаға мұң шағуы.

Сонау, арқадағы қос серінің тағдыры мен мынау Үстіртпен астас жатқан Ұлықұм маңындағы Сарының тағдырының, тіпті әндерінің мәтіндеріне дейін ұқсастығы неде? Әрине, мұның түпкі мәні бар қазақтың рухының, мәдениетінің бірлігінде. Сол кезгі дала мәдениетінің көрнекті өкілдері Сары, Иманжүсіп, Мәди, Қанапия сынды өнер иелерінің өнерлерінің, тағдырларының ұқсастығы да, біріншіден: сол заманның саяси-әлеуметтік бағытына байланысты болса, екіншіден: бар қазақтың мәдени болмысының түпкі тамырында және Жаратқанның ақ жолынан адаспай «бақыттылыққа лайықты ететін нәрселерді ғана істеуінде» (Кант, 1964: 140), хәм «түбі бір түркілігінде» екені ақиқат. «Музыка казахов своими корнями уходит в далекую древность...» (Тимошинов, 2001: 101), деп бөгде жұрттың ғалымдары да оң пікір айтады. Анау Арқадағы серілер мен мынау Маңғыстаудағы қайқылардың әуен-саздарында өзгешелік болғанымен, серілік дәстүрінің алшақ кетпейтіні сондықтан. Бұл, мәдени-рухани үндестік.

Серінің жан серігі астындағы аты. Сарының да мінгені осал жылқы емесі даусыз. Ол сәйгүлігін жырға қосып:

Аяқты басар Тарлан екіленіп,
Қонаға жем сұрайды мекіреніп.
Жүрістен қажымайтын жануарым,
Арбаның белағашы секілденіп, –

деп толғайды. Әрине жүрістен қажымайтын, белді жылқы болмаса серінің ел кезген мынау жорығына шыдар ма еді? Небір қуғын-сүргінді бастан кешіп жүрген адамға, жанына сүйеу боларлық төзімді хәм жүйрік аттың керегі ақиқат. Және Сары сері де елден таңдап ару сүйіп, саралап сәйгүлік мінгеніне күмән жоқ. Бұл да болса серіліктің бір белгісі.

Бұған келгенде Батақұлының мінген Тарлан атын жырлауы Ақан серінің Құлагерін сипаттаған шумақтармен шендеседі.

Құлагер, құланыңнан жайлатқаным,
Басыңа нокта, жүген сайлатқаным.
Тартыншақ жаман әдет қыла ма деп,
Артыңнан бір балаға айдатқанмын.

Құлагер, айналайын тұлпарым-ай,
Бір көрмей тұра алмайтын, сұңқарым-ай.
Даңқына бүкіл адам ғашық болып,
Бір көрсек деп тұратын іңкәрім-ай.

Аузыңа қос ауыздық салып едім,
Сені алып ел шетіне барып едім.
Бір жолы бәйгесіне Құлагердің
Он жылқы, екі жамбы алып едім, –

дейді ғой Ақан сері.

Ал, Сары, астындағы жан серігі – тұлпары
Тарлан ат жайын былайша толғайды:

Шідерім күдеріден күміс тиек,
Бір малсың шөп жемейтін төре сүйек.
Көк тер қып, жүріп келіп байлай салсаң,
Тұрушы ең иегінді үйге сүйеп.

Тарлан ат бас аяғың ұрынбай-ақ,
Салбырап төбе шашың тұлымдай-ақ.
Жем беріп, сауырыңды тұрсам сипап,
Азбарда ойнаушы едің құлындай-ақ.

Мінуге сені Тарлан әркім құмар,
Байлардың әлпештеген ұлындай-ақ.
Әрі атым, әрі досым менің Тарлан,
Қайтейін өлең қылмай сыныңды аяп
(Жұбанов, 2001: 221).

Жалпы ақын-жыраулар келешегін болжайтын ерекше қасиеттен де кенде емес. Оны, сонау Асан Қайғы, Бұқар жырау сынды тұлғалардың мұраларынан көреміз де, олар әулие ғой деген соқыр сеніммен өзімізді өзіміз алдарқатамыз. Онымен қоса бата, қарғыс, алғыс деген нанымдарға сене бермейміз. Бұрынғылардың батасы да, алғысы да, қарғысы да қате кетпесе керек. Қабыл болып отырған дейді көне деректер.

Мысалы, Сары әбден ығыр болып, жазықсыз күйіп, зығырданы қайнағандай, өзін қудалаған Мырзақұлды:

Баласы мен Батақтың атым Сары,
Дейтұғын «Сары, Сары» жұрттың бәрі.
Мырзақұл жарық алып түсті соңға,
Оның да мендей болсын балалары, –

қарғағандай зарлы жырман сөгеді. Ақынның айтқаны қабыл болды ма Мырзақұл өзі де, баласы Өтеғұл да түрмеде өледі (Жұбанов, 2001: 220).

Сары Батақұлының әндері бүгіндері үлкен сахналарда шырқалып жүр. Мұралары жинақ-

талып, насихатталып жатыр. Дегенмен шығармашылығы тереңірек зерделуді қажет етеді. Оның шығармашылығы төңірегінде академик Ахмет Жұбанов «Сары» атты музыкалық пьеса жазса, ақын, драматург Бәкір Тәжібаев «Сал Сары мен қыз Қосан» атты драма жазған еді және Сарының әні «Аманкелді» фильміне пайдаланылған.

Сары және оның заманы

Ресей империясының отаршылығына әбден мойынсұнған тұста ғұмыр кешкен сахара серкелері, елінің еркелері, өзге жұрттың илеуіне төзгісі келмейді. Сайын дала төсінде алшандап жүрер еркіндігін аңсайды. Жоғарыда айтқанымыздай серілер жалпы өнер адамдары сол кезгі саяси жүйеге қатты әсер етті. Өйткені, отарлық езгіге еріксіз төзіп жүрген дала халқы бас көтеріп, оязға қарсы тұрған, оларды сынап-мінеп өлең арнаған ақын, әншілерді қолдап, құмарлана түсті. Сөйтіп көпшілік ақын, әнші, серілерге жанындай жақсы көріп, тыңдай бергісі келді. Өз кезегінде ақын, әншілер өкімет адамдарын қатыгез, топас қылып көрсетіп, қаналған тобырға рух беріп, санасына сәуле сеуіп жүреді. Ал, мұндай адамдар отарлаушы елдің өкілдері мен солардың сойылын соққан қазақ атқамінерлеріне өте қауіп туғызып отырды. «Зұлымдық тамыры – рух пен еріктің бүлінуінде» (Реале, Антисери, 2012: 412) екенін растасақ, бас ерігінен айрылып, рухы әлсіреген жұрт қатыгез болмай қайтеді.

Жалпы серілерді елдің еркелері деп қарастыруға да болады. Бұлар асқан өнердің бірнеше түріне ие болып қоймай өжет те ержүрек еді. Шетінен батыр. Сол кезгі дала мәдениетінің алдыңғы саптағылары. Себебі олар, әншілікпен қатар аңшылық, құсбегілік, ат құмарлығымен қоса, киімді талғаммен киіп, бойларын да, ойларын да таза ұстаған пәк жандар. Сонымен қатар, жетімге қамқор, әлсізге пана, жығылғанға тіреу, сүрінгенге сүйеу бола білген аяулы азаматтар. Туысқа жайлы, дұшпанға қатал, мінезді келеді. Әсемдік, кербездік, сырбаздық, ізгілік, адамгершілік, ар-ұждан, намыс т.б. жақсы қасиеттердің бәрі бойларынан табылған. Әр түрлі мінез-құлықтарды бағалап, саралау үшін парасатқа жүгіну керек деп білген дана Сократ. Ал, қазақ, адам жаратылғанда жадына Алла салып берген ақылды, адамгершілікті парасат деп түйген. Оқып-тоқып, көріп-біліп жиған ақылдың бәрі алдамшы демек. Алланың жүрекке салып берген парасаты ғана өзгермес нақтылық. Абайша айтқанда, ол адам нағыз – «толық адам»

болмақ. Ондай адамның рухы таза, қиялы кең, сондықтан кеңістікке еркін самғай алмақ. Олар, адам мен көктің арасында құпия байланыс барын біліп, өне бойын пәк ұстауға тырысқан. Солайша, іңкәрін, елін жерін құлай сүйген. «Ғашықтық адамдардан рухани пәктікті талап етеді. Пәк адам ғана ғашықтық отына түсе алады, себебі ғашық болу – тәуекелге бару, қажет болса дүние қызығынан безініп, басты бәйгеге тігу» (Есім, 2012: 187).

Яғни, сал-серілердің бойындағы ерекше қасиеттердің бәрі далалық мінез, далалық мәдениет. Міне, бұл нағыз қазақы мәдениет. Бабадан-балаға ұласқан далалық дәстүр, ырым-тыйымдар көшпенді жұртқа деген көптің ынтазарлығын арттыра түскені даусыз. Күллі дала жұрты салт-дәстүрмен қоса көнеден жеткен ырым-тыйымдарға да аса мән беріп, ерекше қадір тұтты. Бұл қасиеттер де адамгершілікке, имандылыққа жетелемей қоймады. «Ырымшылдық – бұл дінмен кез келген нанымның бәрі байланысты еместігінің ең бір жарқын мысалы» (Гумилев, 1992: 316) екенін аңғарсақ, қазақы болмыстың сонау бағзыдан шым тартатыны айқындала түседі. Яғни, сал мен серілердің жолы өте әріден бастау алады дегенге саяды.

Ал, орыстың европаша мәдениетін бойларына сіңіруге тырысқан бай-бағландар балаларын орысша тәрбиелеп, қалаға жіберіп отырған. Көршімен етене араласып кеткен сол бір тұста қазақ арасында еліктеушіліктер болды, әрине. Бұл өркениеттің бастамалары еді. Дегенмен көшпенді халық болмысын, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлерін нық сақтады.

«Культура, или цивилизация, в широком этнографическом смысле складывается в своем целом из знания, верования, искусства, нравственности, законов, обычаев и некоторых других способностей и привычек, усвоенных человеком как членом общества (Тайлор, 1989: 18).

Далалық мінезді, салт-дәстүрді, ырым-тыйымды тегіс бойына сіңірген серілер, яғни әнші, ақындар өзгенің жарлығына бағынбай, тарпандығын жасай берді. Олардың мұндай әрекеттері ел ішіндегі законшыл болыс-қаралар мен орыс белсенділеріне ұнамады. Олар сайын сахараға тәртіп орнатуды қалап, ел еркелерін түрмеге тоғытып, жала жауып, итжеккенге жер аударып отырды.

Басы ноқтаға сыймайтын өнер адамдары, серілер ырыққа көнбей қия тартып, өз бағымен жүре берді. Ақыры законы бар адам үстем тұрып, серілер опат бола берді. Сондарында

қалың қараша көкіректеріне сақтаған ән-жырлары ғана қалды. Ол асыл мұралары бүгінгі ұрпақтары қастерлеген құнды дүниеге айналды. Дегенмен, әлі де болса Сары Батақұлы сияқты серілердің шығармашылық-өмірбаяндары ресей архивтерінен толық қаралып, зерделенген жоқ.

Осындай серінің бірі Қанапия Басығараұлы. Қостанай даласында дәурендеген ақын, әнші, композитор, айтыскер, бір сөзбен айтқанда сері. Оның Қараөткел түрмесінде болғаны туралы, әні жайында «арыстанның күрлі сияқты, өзгеше күшті долдану мен уытты, күшті зығырдың шалқыған жалыны елестейді», – деп Қ. Сәтпаев Қанапияның шығармаларына баға береді (Сәтпаев, 1989: 23).

Мінуші ем кербестіні жылқы жия,
Біржанға арнап ақ қағаз, алдым сия.
Сібір мен Орынбоға атым шыққан,
Баласы Басығараның Қанапия
(Негимов, 2005: 23) –

деген өзінің өлең-шумақтарынан аңғарылып отырғандай, әйгілі Біржан салмен қарым-қатынаста жүрген Қанапияның да тағдыры Сары серінің тағдырына ұқсас еді.

Заманынан теперіш көріп, тағдыры тәлкекке түскен тағы бір сері Аманғали Кенжеахметұлы (1888 – 1928). Аманғали өр мінезді, намысқой, батыр, палуан, сал-серілігі бар ақын және ат баптап, тазы жүгіртіп аң аулайтын сұрмерген адам болған. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қуғынға ұшырап, Орал түрмесіне қамалып, қиындықтар шеккен. Әрине күллі қазақ халқына белгілі есім емес, алайда Қазақстанның батыс өңіріне аты мәшһүр қазақтың біртуар ұлы. Батыс Қазақстанда Аманғали Кенжеахметұлы туралы кеңінен тараған аңыз әңгімелер, оның өлең жырлары ел арасында әлі де маңызын жоймаған (Қапашев, 8).

Аманғалидың әнін кеңес өкіметі тұсында айтуға қорқып, сазын сағынған әншілер «Серінің әні» деп орындаған. Аманғали туралы көрнекті композитор, қазақ әндерінің зерделі зерттеушісі Илья Жақанов біраз мәлімет жинақтаған (Жақанов, 2012: 143).

Қолымда бір қамшым бар сәліңгірдей,
Кей жаман сөз сөйлейді әлін білмей.
Бір сері ел ішінде жүрмей ме екен,
Соңыма неге түстің бәрің бірдей?!» –

деп толғанады ол, қыр соңына шырақ алып түскен көпшілікке наразы боп (Қапашев, 8).

Бұлардың бәрі Сары секілді асқақ талант иелері еді. Әрі, сан қырлы өнер иелері-тұғын.

Қорытынды

«Тарихтың керуен жолынан шашырап түскен дерек ғалымдардың жансыз қуыршағына айналмақ» (Сүлейменов, 1992: 10), десек те, ұлы дала төрінен ұрандап өткен, халқының ертеңі, бірлігі, болашағы үшін шыбын жандарын шүберекке түйген Сары секілді арыстардың есімдерін жаңғыртсақ, келешек ұрпақ рухтана түсер еді деген ниетпен қалам тартқан едік.

Осынау зар заман тұсында, Қазақ даласы тегістей отарлық қамытын киген шақта дәурендеген сал-серілер алшаңдай алмады. Бойындағы Алла берген хас өнерлерін қалың қарындасқа мейлінше паш етуге мүмкіндіктері шектеулі болды. Бір өздері бір театрға айналған дарындар сахара сахнасы – жәрмеңкелерде, жын-тойларда жасындай жарқылдап, ән-жыр, күй төгіп, аламанға ат қосып, құс салып, ит жүгіртіп, дархан даланың, дариға жұрттың көңіл қуаныштарына айналған нағыз серілер еді. Олар аң аулап, құс салып, аш-арықты тойдырып, ән-жырымен жабырқаған елдің еңсесін көтеріп, аюдай ақырған көршінің қыспағынан жүдеген көптің рухын асқақтатып, жанына араша іздеген бейшараларды ығына паналатқан дүрия даланың серкелері болатын. Дала мәдениетінің майталмандары-тұғын. Олар көшпенділер мәдениетінің, далалық өнердің шоқ жұлдыздары

еді ғой. Олар, тек өнерлі ғана емес, сонымен қатар, киімді де талғап киетін, атты да таңдап мінетін, жүрісі кербез, сөзі сырбаз саңлақтарды. Олардың болмысы, пайымы, түсінігі мүлде басқаша болғанға ұқсайды. Жалғыз ақиқат – жаратылыстың барлығын басқарып тұрған Жаратушы (Кенни, 2005: 355) деген санамен ғана ғұмыр кешкен сияқты. Яғни, тіршіліктегі болып жатқан әрбір нәрсе Бір Алланың бұйрығымен деген наным. Басқа жазылған тағдыр, «жазмыш». Ол Алланың жазуы. Қашқанмен құтыла алмайсың деген сөз. Осындай, биік имандылық, адамгершілік жолында жүрген салдар да, серілер де елінің далалық мәдениетінің өркендеуіне үлкен үлестерін қосып, жарқылдап өткен жасындар!

«Мәдениет – белгілі бір адамдар тобының белгілі бір дәуірде жасаған дәстүрі, сенімі, өнері, музыкасы және басқа да адамзат ойының жемісі» (Тер-Минасова, 2018: 18) десек, бүгінгі ұлттық өнердің қайнары сол, сал-серілер десек көп қателесе қоймаспыз.

«Зерек дана, көңілі сара, сері еді, жұтты жалған, елге тұтқа ер еді!» (Баласағұн, 2007: 85) дегендей, жанартаудай әндерімен жасындай жарқ еткен Сары Батақұлы 1895 жылы Орск түрмесіндегі тұтқындарды Сібірге айдап бара жатқанда патша жендеттерінің оғынан мәңгілік сапарға аттанады.

«Қыз Қосан», «Дариға», «Әридау», «Дүния», «Сарының Сібірге айдалып бара жатқандағы әні», «Туған ел» деген әндері Сары Батақұлының атын мәңгі өшірмесі хақ.

Әдебиеттер

- Әл-Фараби. (2018). Қайырымды қала. Музыка туралы кітап. Әлеуметтік-этикалық. – Алматы: RS. Халықаралық Абай клубы. – 936 б.
- Баласағұн Ж. (2007). Құтты білік. – Алматы: «Таймас». – 536 б.
- Гумилев Л.Н. (1992). Қиял патшалығын іздеу. – Алматы: «Балауса». – 444 б.
- Есім Ғ. (2012). Хакім Абай. Астана: Фолиант. – 400 б.
- Есім Ғ. (2004). Фәлсафа тарихы (ибн Араби тарауы). – Алматы: «Раритет». – 304 б.
- Жұбанов А. (2001). Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-пресс. – 440 б.
- Жақанов И. (2012). Зәуреш. – Астана: Фолиант. – 424 б.
- Қапашев Л. (2004). «Банды Аманғали ісі» (Аңыз бен ақиқат). – Алматы: «Арыс». – 248 б.
- Кант Э. Сочинения в шести томах. Том 3. – М., 1964. – 661 с.
- Кенни Э. (2018). Батыс философиясының жаңа тарихы, 2-том. Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 400 б.
- Негимов С. (2005). Қазақтың сал-серілері. – Алматы: «Ана тілі». – 128 б.
- Попов Е.В. (1996). Введение в культурологию. – М.: «Владос». – 336 с.
- Реале Дж., Антисери Д., (2012). Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін. Алматы. – 628 б.
- Сәтпаев Қ. (1989). Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Ғылым». – 343 б.
- Сүлейменов О. (1992) Азия. – Алматы: «Жазушы». – 225 б.
- Тимошинов В. (2001). Культурология: Казахстан-Евразия-Восток-Запад. – Алматы. – 400 с.
- Тайлор Э.Б. (1989) Первобытная культура. – М.: Политиздат. – 572 с.
- Тер-Минасова С.Г. (2018). Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 320 б.

References

- Al-Farabi. (2018). Kaiirimli kala. Muzica turali kitap [Good city. A book about music. Social and ethical] . Astana. RS; the international club of Abai, 2018, p. 936
- Balasagun Zh. (2007). Qutti bilik [Happy shaft] Almaty. Times, 536 p.
- Gumilyov L.N. (1992). Kial patshaligin izdeu [Search for the king of fantasy]. Almaty, «Balausa». 1992, 444 p.
- Esim G. (2012). Hakim Abai [Hakim Abai]. Astana. Foliant, 400 p.
- Esim G. (2004). Falsafa tarihy [History of philosophy] (Ibn Arabi). Almaty. «Rarity», 2004, 304b.
- Zhubanov A. (2001). Zamana bulbuldary [Modern nightingales]. Almaty. Dyke Press. 440 p.
- Zhakanov I. Zauresh [Zauresh]. (2012). Astana. Foliant. 424 p.
- Kapashev L. (2004). Bandy Amangalidyn isi [Gangs of Amangali] (legend and truth). Almaty. «Arys», p. 248.
- Kant E. (1964). Sochinenia v shesti tomah [Works in six volumes]. Volume 3. Moscow. 661 p.
- Kenny E. (2018). Batis filosofiasinin zhana tarihi [A new history of Western philosophy by] volume 2, Medium philosophy of the middle ages. Almaty. public Fund “National translation Agency”. 400 p.
- Negimov S. (2005). Kazahtyn sal-serileri [In Sal-seri of the kazahs]. Almaty. «Ana tili», 128 p.
- Popov E.V. (1996). Vedenie v kulturologiyu [Introduction to cultural studies]. Moscow. Vlados, 336 p.
- Reale J., D. Antiseri, (2012). Batys filisofiasi: bastauinan byginge dein [Western philosophy: from the beginning to the present day]. Almaty, 628 b.
- Satpayev K. (1989). Gilim mtn madeniet turaly tandamali shygarmalari [Selected works about science and culture]. Almaty. Nauka, 343 P.
- Suleimenov O. (1992). AziA [Asia]. Almaty. «Zhazushi». p. 225.
- Timoshilov V. (2001). Kulturologia: Kazahstan-Eurazia-Vostok-Zapad [Cultural Studies: Kazakhstan-Eurasia-East-West]. Almaty. 400 p.
- Tylor, E. B. (1989) Pervobytnaia kultura [Primitive culture]. Moscow. Politizdat.572 p.
- Ter-Minasova S. G. (2018). Til zhane madenietaralik kommunikacia [Language and intercultural communication]. Almaty. National translation Agency, 320 p.